

**«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім
қызметкерлерінің салалық кәсіподағы Солтүстік Қазақстан облыстық
ұйымы» қоғамдық бірлестігінде кәсіподақтық оқытуды
ұйымдастыруды зерделеу және талдау қорытындысы бойынша
АНЫҚТАМА**

Талдау Солтүстік Қазақстан облысында кәсіподақтық оқытуды ұйымдастырудың қолданыстағы тәсілдерін бағалау және Кәсіподақтың кадр саясатының тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында жүргізілді.

01.01.2026 жылғы жағдай бойынша «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы Солтүстік Қазақстан облыстық ұйымы» ҚБ құрамы төмендегідей:

- 14 аудандық және қалалық ұйым;
- 535 бастауыш кәсіподақ ұйымы;
- 23 957 кәсіподақ мүшесі.

Солтүстік Қазақстан облысында кәсіподақтық оқыту әртүрлі форматтарда ұйымдастырылады және кәсіподақ активінің құқықтық сауаттылығын, ұйымдастырушылық құзыреттілігін және көшбасшылық дағдыларын арттыруға бағытталған. Оқыту облыстық ұйымның Атқару комитетінің 24.12.2024 жылғы № 2 қаулысының 2-тармағымен бекітілген 2025 жылға арналған Құқықтық жалпыға бірдей оқыту жоспарына сәйкес үйлестіріледі.

Оқумен қамту деңгейінде оң динамика байқалады:

2024 жылы **30** оқыту іс-шарасы өткізіліп, оған **6 284** адам қатысты.

2025 жылы **34** оқыту іс-шарасы өткізіліп, оған **8 734** адам қатысты.

Есепті кезеңде дәстүрлі және заманауи әдістерді ұштастыратын көпвекторлы оқыту моделі қолданылған. Активті оқыту тақырыптық кездесулер, тренингтер, көшпелі семинарлар және тұрақты жұмыс істейтін «**Кәсіподақ активі мектебі**» (тоқсан сайын өткізіледі) арқылы жүзеге асырылады. Жаңадан сайланған төрағалар мен кәсіподақ комитеттері мүшелерін дайындау үшін «Кәсіподақ қызметінің негіздері» бейіндік курсы пайдаланылады. 2019 жылдан бастап WhatsApp мессенджерінде қашықтықтан кеңес беру алаңы – «**Әдістемелік қоржын**» жобасы сәтті жұмыс істеп келеді.

Кәсіподақтың ішкі нормативтеріне сәйкес, оқытуға жұмсалатын шығыстар кәсіподақ органы сметасының шығыс бөлігінің кемінде 10%-ын құрауы тиіс. 2025 жылғы көрсеткіш 6%-ды құраса, 2026 жылы бұл көрсеткіш 7%-ға дейін ұлғайтылған. Оң үрдістердің бар болуына қарамастан, бөлінетін қаражат көлемі бекітілген салалық нормативтерге әлі де сәйкес келмейді.

Анықталған проблемалық мәселелер:

- лекторлар мен практик-тренерлердің кадрлық құрамының шектеулілігі;
- оқу процесін цифрландыру деңгейінің жеткіліксіздігі;
- Кәсіподақ ұйымдары арасында озық тәжірибе алмасудың толық еместігі.

Қорытынды:

Жүргізілген талдау өңірдің кәсіподақтық оқыту жүйесінде әртүрлі ұйымдастырушылық модельдер қолданылатынын, олардың әрқайсысының өз артықшылықтары мен шектеулері бар екенін көрсетеді. Оқытудың жүйелілігін, икемділігін және практикалық бағыттылығын ұштастыруды қамтамасыз ететін **аралас (blended) және модульдік тәсілдерді** енгізу ең тиімді бағыт болып табылады.

Білім беру саласындағы өзгермелі құқықтық және әдістемелік база әлеуметтік-еңбек қатынастарында жаңа сын-қатерлер туғызуда. Мұндай жағдайда кәсіподақ органдарынан жоғары құзыреттілік, даулы (жанжалды) жағдайларда дұрыс шешімдерді жедел қабылдау, жұмыс берушілермен сындарлы диалог жүргізу және кәсіподақ мүшелерінің мүдделерін тиімді қорғау қабілеті талап етіледі.

Кәсіподақтық оқытудың тиімділігі көбіне оқытудың тұрақтылығымен, оқу бағдарламаларының сапасымен, кадрлармен қамтамасыз етілуімен және активтің нақты қажеттіліктерін ұдайы ескерумен айқындалады. Қолданыстағы проблемаларды шешудің негізгі тетігі нақты модульдік құрылымы мен нәтижелерді бағалау жүйесі бар тұрақты жұмыс істейтін **«Кәсіподақ активі мектебі»** болуы тиіс.

Кәсіподақтық оқытудың тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар

Оқыту жүйесін жетілдіру үшін ұсынылады:

1) Жасанды интеллект (ЖИ) элементтерін, заманауи цифрлық құралдарды пайдалана отырып, қашықтықтан және аралас оқыту жүйесін (онлайн-платформа, видеокурстар, вебинарлар) әзірлеу және енгізу.

2) Лекторлар мен практик-тренерлердің өңірлік пулын (соның ішінде бастауыш ұйымдардың тәжірибелі төрағалары, сыртқы сарапшылар есебінен) қалыптастыру, оларды даярлау және материалдық ынталандыру жүйесін қарастыру.

3) Тұрақты онлайн және офлайн алаңдар, сондай-ақ табысты тәжірибелер банкін құру арқылы облыстың кәсіподақ ұйымдары арасындағы жүйелі тәжірибе алмасуды күшейту.

4) Оқыту тиімділігіне тұрақты мониторинг ұйымдастыру (Pre-test / Post-test, оқудан кейін 3-6 ай өткен соң қатысушылар арасында сауалнама жүргізу, алынған білімнің практикада қолданылуын талдау).

5) Облыстық ұйымның басқарушы органдарының отырыстарында кәсіподақ оқуының сапасын арттыру мәселесін қарастыру.

6) Кәсіподақ активінің үздіксіз кәсіби дамуын және ЖИ-ді қосымша тиімді оқыту құралы ретінде белсенді пайдалануды көздейтін 2026-2028 жылдарға арналған кешенді іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту.

Кәсіподақтың ОК аппаратының ұйымдастыру бөлімі